

3

Әбе –
әдебиет алыбы

4

Алпыс жылдың
асқарында

Сыр бойы

19 қазан, сенбі 2024 жыл

№161-162 (20835-20836) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

САПАР

ҚАЗАЛЫ: ТАРИХЫ ТАҒЫЛЫМҒА, БҮТІНІ БЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ МЕКЕН



ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Кеше Қазалы ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Әйтеке би Бәйбекұлының 380 жылдығына арналған ғылыми-танымдық конференция өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыстың зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен еңбек ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы конференция жұмысына сәттілік тілеп, тарихи тұлғаны ұрпақ жадында жаңғыртудың маңызына тоқталды.

Халқымыз батырлары мен сал-серілерін, даңқты дала қаһармандарын дәріптеп, ұлыларын кастерлеп келеді. Баршаңызды қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан аса көрнекті

мемлекет қайраткері, кеменгер ойшыл Әйтеке би Бәйбекұлының 380 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Әйтеке би Бәйбекұлы – қазақ тарихына өзінің жасампаздық қызметімен із қалдырған тұлға. Қазақтың үш ұлы биі, үш даңқты данагөйі – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің есімдері ұлт бірлігінің айнымас символы болып бізге жеткен. Қазақ тарихындағы ең күрделі кезең – жоңғар шапқыншылығы уақытында елді бірлікке үндеп, Бұқара мен Самарқанда би болған.

Биыл Озбекстанның Науан облысында Әйтеке бидің 380 жылдығы кең көлемде тойланды. Мерекелік іс-шараларда Сыр өнерпаздары өнер көрсетіп, үш дүркін «Алтын домбыра» негері Мұхтар Ниязов айтыстың бас жұлдісін еншілеп қайтты. Наурыз айында Қызылорда қаласында республикалық командалық айтыс ұйымдастырылып, жерлестеріміз топ жарды.



Суреттері түсіріп: Б.Есжанов

Баба есімін ұлықтау мақсатында Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, Әйтеке би ауданы, Жанақазалы поселкесі Әйтеке би кенті деп аталғаны бәріңізге мәлім. 2000 жылы Қазалы ауданының орталығында Әйтеке бидің құрметіне кесене тұрғызылды. Бас көше бабамыздың атымен аталып, 2019 жылы аудан әкімдігі ғимаратының алдынан 12 метрлік еңселі ескерткіші бой көтерді.

Тарих – тағылым. Өткенінен сабақ алмаған ел табысқа жетпейді. Әйтеке бидің ұлағатты өмірін ұлтқа, ұрпаққа кеңінен өнеге етудегі шаралар жалғасын таба берсін. Бүгінгі конференция жұмысына сәттілік тілеймін! – деді аймақ басшысы.

Конференцияны Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет жүргізді. Іс-шарада Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл

Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев «Әйтеке би және оның заманы», фольклортанушы, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіпов «Әйтеке би: мұрағат мәліметтерін қайта зерделеу мәселесі» тақырыбында баяндама жасалды. Көтерілген тақырыптар бойынша қатысушылар өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар, қоғам қайраткері, республикалық Жалаңтөс баһадүр қорының президенті Нажмадин Мұсабаев, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Өтеубай Қожақов сөз сөйледі.

2-бет

АВТОГАЗ БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ

Бұған дейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев автогаз құю бекеттері арқылы сұйытылған мұнай газын сату мәселелеріне, атап айтсақ, бағаны реттеуге қатысты нақты тапсырма берген болатын. Газ құю бекеттеріндегі кезекті, лимит қоюды, басқа да шектеулерді мүлде алып тастауды міндеттеген. Сондай-ақ жоғары баға қоятын, әлеуметтік газды сату талаптарын сақтамайтын кәсіпкерлермен келісім-шарт бұзылатынын ескертті.

Еске салайық, Қызылорда облысының аумағындағы автогаз құю бекеттерінде газдың қосылған күн салығы бар шекті бөлшек сауда бағасы 1 литр үшін 70 теңге, облыс орталығынан шалғайдағы аудандарда (200 шақырымнан астам) 75 теңге болып бекітілген.

Бүгінде облыс әкімінің ұсынысына сәйкес өңірлік операторлар қала аумағында газды 65 теңгеден сатуға.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Фото: Ашық дереккөзден

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

«ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БАРЫСЫ»: АЙТУЛЫ ЖАРЫС СЫРДАН БАСТАУ АЛДЫ



Қызылорда қаласындағы «Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен арнаулы және құқық қорғау органдары, күштік құрылымдар арасында ҰҚК Төрағасының жұлдісіне арналған «Ұлттық Қауіпсіздік Барысы» республикалық жарысы ұйымдастырылды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысушыларға сәттілік тілеп, Сыр спортының жетістіктерін атап өтті.

2-бет

ӨРКЕН

ШАРУАСЫ ШИРАҚ, ТІРЛІГІ МЫҒЫМ «ҚОСШЫҢЫРАУ»

Өркениеттің, дамудың жолын қаладан тапқанымызбен, біздің өмірімізде ауылдың алар орны ерекше. Осы уақытқа дейін қалаға қарасты бірнеше ауылды аралап, тыныс-тіршілігімен танысқан болатынбыз. Мақсат – ауыл ахуалын көзбен көріп, оны қаз-қалпында оқырмандарға жеткізу. Бүгін қаладан 14 шақырым қашықтағы «Қосшыңырау» ауылдық округіне жолымыз түсті. Округ Досан ауылынан бастау алады. Кіреберістен-ақ мұнда байыпты қадамдар мен ауқымды жұмыстардың атқарылып жатқаны байқалады. Бізді ауыл әкімі Сейдуәлі Әбдіқадыров қарсы алды.

6-бет



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы жол жөндеу жұмыстарының барысын пысықтап, алдымен Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілхайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін нығайту, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесін реконструкциялау жұмыстарын көрді.

Жобаның мердігері «УАД», техникалық қадағалаушысы «ЗКА Проект», авторлық қадағалаушысы «КБ МұнайГаз Инжиниринг» серіктестіктері. Төрт жолақты жолдың ұзындығы – 6,71 шақырым, ені – 14 метр.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге

Валюта бағамы \$ 485,04 kzt

€ 525,98 kzt

₸ 5,04 kzt

Ауа райы

+15° +17°

+18° +20°

